| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ | Тр 017-11.05-2025<br>30.04.2025ж. |
|---|---|---|
| | Талап<br>Номартивтік құжат түрі | Бет. 1 - 8 |

**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы қабылдау комиссиясының төрағасы
_______________А. Жудебаев
(2025 жылғы «___» «______»№ __
Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02190 «ДИЗАЙН» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**Алматы, 2025ж.**

Құрастырушы:

Төлеген А.Т., Молдабеков М.Б. «Дизайн» кафедрасының оқытушылары

«Дизайн» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, ұсынылды

«______» _________ 2025 жыл № _____ хаттама

«Дизайн» кафедрасының
меңгерушісі ______________________К. С. Кошенов

«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің оқу-әдістемелік бюросында мақұлданған

«____» ________ 2025 жыл. №___ хаттама

Факультеттің АСК төрайымы _________________Б.Н. Байділда

**КЕЛІСІЛДІ:**
«Кескіндеме, мүсін және дизайн»
факультетінің деканы _________________ Б.Н. Байділда

# «ДИЗАЙН» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## СӘУЛЕТТІК ДИЗАЙН, ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН, ӨНЕРКӘСІПТІК ДИЗАЙН

Қазіргі әлем әрі оның талаптары біршама ұшқыр дамып барады және дизайн, өмірлік-әрекеттік заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру бойынша қызмет ретінде, уақыт талаптарына жауап беріп үлгеріп отыруға тиіс. Дизайнның жобалық қызметінің арқасында көптеген объектілер әлдеқайда әсерлі, эстетикалық құнды, көркем-ұйымдастырылған және функционалдық мақсатқа сай бола түседі. Дизайн бағыттары көптүрлі және бүкіл әлемде адамдардың өмірі мен қызметтерінің әртүрлі жақтарын іске асыруға жауапты. Осыған байланысты, дизайн мамандандыруларына түсуге ниет еткен абитуриенттердіңөтініш беру кезеңінде көркем талғам сезімді, абстрактылық ойламды, креативтік көру қабілетті, дизайн-объектілерді эстетикалық бейнелеуге қабілетті, көркем шеберлік пен сызудың машықтарын меңгерген болуы керек.

Түсуші абитуриент түсуге таңдаған не соған жақын мамандандыру (өнери, сәулеттік-құрылыстық, жобалық және басқа да колледждер) бойынша орта және/немесе арнайы орта білімді, өнери білімді (өнери мектеп, студия) немесе таңдаған мамандануы бойынша Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА дайындық курстары оқуынан өткен болуы шарт. Абитуриент орта мектеп бітіруші деңгейіне сай жалпы білім деңгейін меңгерген болуы, жоғары интеллектуальдық деңгейлі және кеңдүниетанымды, әлемдік және қазақстандық бейнелеу өнері, тарих, мәдениет, дизайн, сәулет, тарихтан, сән тенденциялары салаларынан білімді болуы қажет.

Абитуриент мыналарды меңгерген болуы керек:

- Академиялық сурет, көркемсурет, сызу және композицияның негізгікөрсету машықтарын;
- Композициялық пішінтүзу және модельдеу түсініктерін;
- Идеялық ойды көрсетудің әртүрлі техникаларын;
- Акварель, гуашь бояуларымен және барлық сызу аспаптарымен (сызғышпен, үшбұрышпен, циркульмен, транспортирмен және т.б.) жұмыс істеудің практикалық машықтарын.

Дамыған эстетикалық талғамға, түс, пішін, бөліктердің пропорциялары мен қатынастарын сезінуге, және сонымен қатар бейнелік шығармашылық ойлам мен фантазияға ие болуы қажет.

Талапкер 20 (жиырмадан) кем емес әртүрлі көрсету техникалары мен мәнерлерде өз бетімен орындаған көркемсурет, сурет, композиция және сызу жұмыстарын А2, А3, А4 форматтарында көрсетеді.

## Шығармашылық емтихандар

«Дизайн» білім беру бағдарламасына түсушілер үшін, бейініне қатыссыз, жоғарыдағы білімдерін, шеберліктері мен машықтарын анықтауға бағытталған екі шығармашылық емтихан жүргізіледі. Бірінші шығармашылық емтихан екі пәнді – «Сурет» және «Кескіндеме» - біріктіреді, олар жеке өткізіледі, бірақ бір баға қойылады. Максималды балл - 45. «Сурет» және «Кескіндеме» бойынша талаптар мен бейнелеу объектілері дизайнның барлық мамандандырулары үшін бірдей. Шығармашылық емтиханның екінші түрі «Композиция» мамандандыру бойынша тапсырма орындауды қарастырылған. Сонымен, абитуриент тапсыратын емтихандар:

1. **Сурет** – классикалық сәулеттік ордер элементтері бар натюрмортты бейнелеу (6 сағат),

   **Кескіндеме** – геометриялық пішіндері бар натюрмортты бейнелеу (6 сағат);
2. **Композиция** – мамандандыру бойынша композиция тапсырмасын орындау («Сәулеттік дизайн», «Графикалық дизайн», «Өнеркәсіптік дизайн»);

### *«Сурет» емтиханына қойылатын талаптар:*

**Тапсырма**: классикалық сәулеттік ордер элементтері бар натюрморт (6 сағат)

**Талаптар**:

- натюрморттың барлық бөліктерінің парақта (форматта) сауатты компоновкалануы (үйлесімделуі);
- конструкциялық құрылымы және пропорциялардың дәлдігі;
- объект пішінінің көлемдік-пластикалық көрсетілуі;
- негізгі реңдік қатынастардың сауатты көрсетілуі және бөлшектеу (деталировка) деңгейі;
- жұмыстың толықтылығы (бітірілгені).

**Шешім**: монохромдық (біртүсті)

**Материал**: 40х60 см ватман қағазы, әртүрлі жұмсақтықтағы-қаттылықтағы қарындаштар, өшіргіш.

***«Кескіндеме» емтиханына қойылатын талаптар***

**Тапсырма**: геометриялық пішіндер бар натюрморт (6 сағат)

**Талаптар**:

- натюрморттың барлық бөліктерінің парақта (форматта) сауатты компоновкалануы (үйлесімделуі);
- конструкциялық құрылымы және натюрморттың барлық элементтерінің пропорцияларының дәлдігі;
- натюрморттың көлемін, тереңдігін және кеңістігін көрсетуі;
- негізгі реңдік пен колористикалық қатынастардың сауатты көрсетілуі және бөлшектеу (деталировка) деңгейі;
- жұмыстың толықтылығы (бітірілгені).

**Шешім**: полихромдық (көптүсті)

**Материал**: 40х60 см ватман қағазы, акрил, акварель, қылқаламдар, суға арналған құты, палитра.

***«Сәулеттік дизайн» бейіні бойынша***
***«Композиция» емтиханына қойылатын талаптар***

**Тапсырма**: интерьердегі композицияны көлемді геометриялық пішіндерден жасау (6 сағат, максимум балл - 50)

**Талаптар**:

- берілген тақырыпқа сәйкестігі, тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас;
- композициялық әсерлеу құралдарын (масштабтық, тұтастығы, негізгісі-екіншісі, симметрия-асимметрия, метр-ритм, статика-динамика, контраст-нюанс) қолдану арқылы сауатты композициялық шешімделуі (қоршау жазықтықтарын бөлшектеу, деңгейлер айырмашылықтары, негізгі көлемді бөлектеп көрсету, композициялық орталықты шығару және т. с. с.);
- бар композицияның (интерьерлік кеңістіктің) көркем әсерлілігі, гармониялығы және эстетикасы;
- графикалық техникаларды, материалдар мен сызу аспаптарын меңгеруі;
- кеңістік тереңдігін, пішін көлемін, жарықты, орта объектісінің көлеңкесі мен рефлекстерін көрсету шеберлігі;
- жұмыстың толықтылығы (бітірілгені).

**Шешім**: полихромдық (көптүсті)

**Материал**: 40х60 см ватман қағазы, сызу аспаптары (сызғыш, циркуль, транспортир, үшбұрыш), гуашь, акварель, қылқаламдар, суға арналған құты, палитра, графит және түсті қарындаштар, өшіргіш, маркерлер.

***«Графикалық дизайн» бейіні бойынша***
***«Композиция» емтиханына қойылатын талаптар:***

**Тапсырма:** графикалық элементтері қосылған шрифтік композиция жасау (6 сағат, максималды балл – 50).

**Талаптар:**

- берілген тақырыпқа сәйкестігі, тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас;

- композициялық әсерлеу құралдарын (масштабтық, тұтастығы, негізгісі-екіншісі, симметрия-асимметрия, метр-ритм, статика-динамика, контраст-нюанс) қолдану арқылы сауатты композициялық шешімделуі;

- көркем әсерлілігі, қаріптер мен графиканың композициялық үйлесімділігі, гармониялығы мен эстетикасы көрсете беру;

- графикалық техникаларды және материалдарды меңгеруі;

- дизайнерлік ой мен қаріптердің оқылуын көрсете білуі;

- жұмыстың толықтылығы (бітірілгені).

**Шешім**: полихромдық (көптүсті)

**Материал**: 40х60 см ватман қағазы, сызу аспаптары (сызғыш, циркуль, транспортир, үшбұрыш), гуашь, акварель, қылқаламдар, суғаарналған құты, палитра, графит және түсті қарындаштар, өшіргіш, маркерлер.

***«Өнеркәсіптік дизайн» бейіні бойынша***
***«Композиция» емтиханына ұсынылған талаптар***

**Тапсырма:** отыруға арналған жұмсақ жиһаз түрін (кресло) жобалау (6 сағат, максималды балл – 50).

**Талаптар:**

- берілген тақырыпқа сәйкестігі, тақырыпты ашуға шығармашылық көзқарас;
- композициялық әсерлеу құралдарын (масштабтық, тұтастығы, негізгісі-екіншісі, симметрия-асимметрия, метр-ритм, статика-динамика, контраст-нюанс) қолдану арқылы сауатты, отыруға арналған жұмсақ жиһаз түрін (кресло) композициялық шешімін көрсету (пішін мен көлемнің стандарттан тыс шешім, конструкцияның қызықты шешімі, түс пен материалыдң үйлесімділігі және т. с. с.);
- отыруға арналған жұмсақ жиһаз түрін (кресло)пішіндік композициясы көркем әсерлілікке, гармониялық және эстетикалық шешімге бай болуы тиіс;
- графикалық техникаларды, материалдар мен сызу аспаптарын меңгеруі;

- ортогональды проекция және аксонометриялық сызбалар түрлерін меңгеруі;
- пішіннің көлемін, материалдылығын,объектінің жарық, көлеңке мен рефлекстерін көрсету шеберлігі;
- жұмыстың толықтылығы (бітірілгені).

**Шешімі:** полихромдық (көптүсті) и графикалық;

**Материал**: 40х60 см ватман қағазы, сызу аспаптары (сызғыш, циркуль, транспортир, үшбұрыш), гуашь, акварель, қылқаламдар, суғаарналған құты, палитра, графит және түсті қарындаштар, өшіргіш, маркерлер.

## Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### - сурет бойынша

1. Ли Н.Г. Оқу академиялық сурет негіздері / Николай Геннадьевич Ли.- М.: Эксмо, 2018.- 480 б.
2. Могилевцев В.А. Сурет негіздері. Оқу құралы. .- СПб:, 2007
3. Макарова М.Н. Сурет және перспектива: Теория және практика. Оқу құралы / - М: Академический Проект, 2016.- 382 б.
4. Беляева, С.Е. Бейнелеу өнер негіздері және көркем жобалау: оқулық / С.Е. Беляева.- М: Академия, 2015.- 208 б.

### - кескіндеме бойынша

1. Могилевцев В.А. Көркемсурет негіздері. Оқу құралы. .- СПб:, 2012
2. Дж.Аристид. Классикалық көркемсурет негіздері. Көркем шеберхананың техникасы мен тәсілдері. - М.: Манн, Иванв и Фербер, 2017
3. Хэйнс.Д. Ережесіз акварель. Техникалар, эксперименттер, практикалық кеңестер. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2018
4. Марин К. Қылқаламсыз бірде-бір күн. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2016
5. Уайт М. Акварельмен портрет пен дене бітім. М.: Манн, Иванв и Фербер, 2019

### - композиция бойынша

1. Брызгов Н. В., Воронежцев С. В., Логинов В. Б. Жобалық графика практикум. Арнайы «Дизайн». М.: - 2017. – 156 с.
2. Устин В. Б. Дизайндағы композиция. Дизайн шығармашылығындағы композициялық-шығырмашылық пішін жасау әдістемелік негіз: Оқу құралы. М.: АСТ-Астрель, 2008 – 239 б.
3. В.Ф. Рунге Эргономика және интерьержабдығы. М., Архитектура-С, 2015.

4. Грашин А.А. Дизайн әдістемелігі–заттық кеңістіктін жобалау элементтері. М., Архитектура-С, 2014
5. Покатаев В.П. Интерьер және пәтер жабдығы. Ростов-на /Дону, Феникс, 2013
6. Соболев Н.А. Суреттердің жалпы теориясы. М., Архитектура-С, 2014.
7. Сокольская О. Б. Ландшафтық сәулетөнері: Арнайыобъектілер: ЖОО арналғаноқуқұралы. М.: Центр «Академия»баспасы, 2007
8. Павленко Л. Г. Ландшафтық жобалау. Бау-бақша дизайны. Ростов н/Д: Феникс, 2005. (Серия «Құрылыс және дизайн»)
9. СычеваА. В. Ландшафтық сәулетөнері: ЖОО арналған оқу құралы. 2-шібасылым, түзетілген. М.: ООО «ОНИКС 21 ғасыр», 2004
10. Сіздің бақшағыздың ландшафтық дизайны. М.: ОЛМА-ПрессГранд, 2002
11. ТеодоронскийВ. С., Сокольская О. Б. Ландшафтық сәулет өнерінің арнайы объектілері: жобалау, құрылыс, құрылымы, М.: «Лань» баспасы. 2015. – 720 б.
12. Уэйншенк С. 100 негізгі дизайн принциптері. СПб и др.: Питер, 2012. – 270 б.
13. Б. Гарднер. Logolounge. Әлемнің жетекші дизайнерлердің жасаған 2000 жұмысы. - М., Рип-Холдинг. 2006. – 190 б.
14. Шарлотта и Питер Фиелл. Дизайн энциклопедиясы. Концепциялар, материалдар, стильдер. – М.: АСТ-Астрель, 2010
15. Дизайн элементтері. Ренессанстан постмодернға дейінгі дизайн мен стиль элементтерінің дамуы. /РайлиН.редакторлығымен – М.: «Магма», 2013. – 544 б.
16. Дизайн эволюциясы. Теориядан практикаға. / Тимоти Самара, Лорел Сэвиль. – М.: «РИП-Холдинг», 2009. – 272 б.
17. Аллен Джон. Дизайнерлер мен сәулетшілер үшін базалық геометриялық пішіндер. – СПб.: 2016.
18. Бочкарева А.Г. Интерьер колористикасы. М., Архитектура-С, 2015
19. Ефимов А.В. и др. Сәулеттік орта дизайны. М., Архитектура-С, 2015